

## Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің аумақтық органдарын құру туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 2000 жылғы 28 желтоқсан N 1920.

"Қазақстан Республикасындағы еңбек туралы" Қазақстан Республикасының 1999 жылғы 10 желтоқсандағы Заңына сәйкес және жергілікті жерлерде еңбек туралы заңнаманың сақталуын бақылауды ұйымдастыру Қазақстан Республикасының еңбек және халықты әлеуметтік қорғау органдарының жүйесін жетілдіру мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Облыстық, Астана және Алматы қалаларының еңбек және халықты әлеуметтік қорғау басқармаларының мемлекеттік еңбек инспекцияларының және Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің зейнетақылар мен жәрдемақылар тағайындау жөніндегі өкілдіктерінің (бұдан әрі - Аумақтық органдар) базасында жалпы штат саны 520 бірлік лимитімен мемлекеттік мекемелері - аумақтық органдары құрылсын.

2. Облыстардың және Астана мен Алматы қалаларының өкілдеріне облыстық еңбек және халықты әлеуметтік қорғау басқармалары мүлігінің бір бөлігін Аумақтық органдарға беру ұсынылсын.

3. Қазақстан Республикасының Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі белгіленген тәртіппен:

1) Аумақтық органдар туралы ережені бекітсін және оларды мемлекеттік тіркеуді қамтамасыз етсін;

2) екі айлық мерзімде "Қазақстан Республикасындағы еңбек туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 102-бабын іске асыру жөнінде Қазақстан Республикасының Үкіметіне ұсыныс енгізісін;

3) бір айлық мерзімде Қазақстан Республикасы Үкіметінің бұрын қабылдаған шешімдерін осы қаулыға сәйкес келтіру туралы ұсыныстар енгізісін;

4) осы қаулыдан туындайтын өзге де шараларды қабылдасын.

4. Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

1) күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2001.07.21 N 985 қаулысымен.

2) күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2001.02.09 N 214 қаулысымен.

Ескерту. 4-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 2001.07.21 N 985; 2001.02.09. N 214 қаулысымен.

5. "Еңбек қорғау туралы" Қазақстан Республикасы Заңын күшіне енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің 1993 жылғы 22 қаңтардағы N 1915-XII

қаулысын жүзеге асыру туралы" Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1993 жылғы 17 желтоқсандағы N 1270 қаулысының (Қазақстан Республикасының ПҮҚЖ-ы, 1993 ж., 49, N 593-құжат) күші жойылды деп танылсын.

6. Осы қаулы 2001 жылдың 1 қаңтарынан бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасы

Премьер-Министрінің

бірінші орынбасары

Мамандар:

Қобдалиева Н.М.

Орынбекова Д.К.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК